

**Сандықтау ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың 2010 жылға арналған қосымша тізбесін белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № А-1/37 қаулысы. Ақмола облысы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 16 наурызда № 1-16-105 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 1/23 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Сандықтау ауданы әкімдігінің 2011.01.06 № 1/23 қаулысымен*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабына және 7 бабының 2 тармағына сәйкес, Сандықтау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сандықтау ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарға жататын тұлғалардың 2010 жылға арналған қосымша тізбесі белгіленсін: ұзақ уақыт жұмыс істемейтіндер (бір жылдан астам); 29 жасқа дейінгі жастар;

Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген, зейнетақы жасына жеткенге дейінгі, жастары 50-ге келген және одан асқан адамдар.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Сандықтау ауданы әкімінің орынбасары **Ә.Қ.Қазизоваға** жүктелсін.

3. Осы қаулы Сандықтау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*әкімі*

**С а н д ы қ т а у а у д а н ы н ы ң**  
**Қ.Сүйіндіков**